



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

10 ақпан 2026ж № 57

Арқалық қаласы

город Аркалык

**«Ақбота» бөбекжайы» КМҚК -мен
«Гүлдер» Ашутасты бөбекжайы» КМҚК-ның
2026 жылдың жылдық жоспарына өзгеріс
енгізу жайлы**

2026 жылдың 10 ақпандағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі конкурстық комиссияның кезектен тыс хаттамасы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2026 жылдың 01 ақпанынан бастап «Ақбота» бөбекжайы» КМҚК 10 балаға өсуіне байланысты 245 орынға, ал «Гүлдер» Ашутасты бөбекжайы» КМҚК-ның бала санының 10 балаға кемуіне байланысты 45 орынға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысының саны өзгертілсін.

2. «Ақбота» бөбекжайы» КМҚК-мен «Гүлдер» Ашутасты бөбекжайы» КМҚК-ның 2026 жылдың 01 ақпанынан жылдық жоспарына өзгеріс енгізу білім бөлімінің бас экономисі К.Құсайыноваға жүктелсін.

3. Бұрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

Негізі: 2026 жылдың 10 ақпандағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі конкурстық комиссияның кезектен тыс хаттамасы

Басшы



Е.Маметеков

003590

ХАТТАМА

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі конкурстық комиссияның кезектен тыс отырысы

«10» ақпан 2026 жыл

Конкурс комиссиясының төрағасы: Маметеков Есламбек Жеңісұлы – Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласының білім бөлімі» ММ басшысы

Конкурстық комиссия хатшысы: Булат Улбосын Мәдиқызы – Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласының білім бөлімі» ММ әдіскері

Комиссия мүшелері қатысты:

Гайдаренко Н.И. – «Арқалық қаласы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ басшысы;

Кисикова А.Ж. – Арқалық қалалық мәслихатының депутаты;

Утегенов О.У. – «Арқалық қаласы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі» ММ басшысы;

Құсайынова К.Ф. – Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласының білім бөлімі» ММ бас экономисі;

Алматова С.О. – Қоғамдық кеңестің төрайымы;

Ибраимова А.Ж. – «Арқалық қаласы әкімдігінің аппараты» ММ Заң бөлімінің басшысы;

Әбу М.Т. – Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласының білім бөлімі» ММ әдістемелік кабинетінің меңгерушісі

КҮН ТӘРТІБІ:

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы» 2025 жылдың 18 қарашасында өтілген хаттамасына ішінара өзгерістер енгізу

Тыңдады:


Білім бөлімінің әдіскері У.Булат комиссия мүшелеріне 2025 жылдың 18 қарашасында ҚР Білім министрлігінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларының 23-тармағына сәйкес, еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік тапсырыс орналастырылатын ұйымдардың тізбесі нақтыланып, онда «Ақбота» бөбекжайы» КМҚК – 235 орын, «Гүлдер» Ашутасты бөбекжайы» КМҚК – 55 орын деп бекітілгенін айтты. Сонымен қатар қазіргі таңда «Гүлдер»

Ашутасты бөбекжайы» КМҚК-де бала саны 10 балаға азайғанын, ал «Ақбота» бөбекжайында бала саны 10 балаға көбейгенін айтып өтті.

Қаулы етті:








2026 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруда ұсынылған тізбеге 01 ақпаннан бастап ішінара өзгеріс енгізілсін:

«Ақбота» бөбекжайы» КМҚК – 245 орын;
«Гүлдер» Ашутасты бөбекжайы» КМҚК – 45 орын.

Конкурстық комиссияның төрағасы  **Е.Ж. Маметеков**

Конкурстық комиссияның хатшысы  **У.М.Булат**

Конкурстық комиссия мүшелері :

 **Н.И.Гайдаренко**
 **А.Ж.Кисикова**
 **О.У.Утегенов**
 **К.Ф.Құсайынова**
 **С.О.Алматова**
 **А.Ж.Ибраһимова**
 **М.Т.Әбу**